



FARABI
UNIVERSITY – 90

QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№41 (1953) 25 ҚАРАША 2024 ЖЫЛ

Біртуар тұлға – Тұрар Рысқұлов



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, түркі халықтарының бірлігі үшін күрес жүргізген біртуар тұлға Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы Түркістан идеясы» атты республикалық ғылыми конференция өтті.

Тұрар Рысқұловтың өмірі мен ғылыми ізденістерін, келешек ұрпаққа қалдырған мұрасын жан-жақты зерттеп, жаңа қырынан танытуға мол мүмкіндік беретін іс-шарада еліміздің түкпір-түкпірінен келген тарихшылар мен белгілі ғалымдар, сарапшылар бас қосты.

Атап айтқанда: ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма

Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Ұлттық құрылтай мүшесі, академик Оразалы Сәбден, ҚР ҰҒА академигі, профессор Мәмбет Қойгелдиев пен Ханкелді Әбжанов, жазушы Бейбіт Қойшыбаев пен Мұхтар Қазбек, оқу ордасының оқытушылары, студенттер қатысты.

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 3-бетте

Түркі әлемі жастары бас қосты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде I халықаралық түркі дүниесі жастары форумы өтті.

Жастар форумы түбі бір түркі әлемі жастарының басын қосуға үлкен мүмкіндік берді. Мұндағы мақсат – түркітілдес халықтар арасындағы бауырластық, достық қарым-қатынасты арттырып, мәдени, тарихи, ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

Тұңғыш рет өткен форумның салтанатты ашылуына ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Дархан Ахмет-Заки, ТүркПА бас хатшысы

Мехмет Сурейя Ер, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, «Отандастар қоры» халықаралық ынтымақтастық департаментінің басқарушы директоры Ержан Мұқаш, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Кажденбек, түркі дүниесіне белгілі жазушылар, белсенді студенттер қатысты.

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы мен ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырған ауқымды шараға АҚШ, Германия, Швейцария, Нидерланды, Түркия, Румыния, Қырғызстан, Өзбекстан, Болгария, Әзірбайжан – барлығы 25 мемлекеттен 200-ге жуық жастар жиналды. Шара барысында өзге ұлт өкілдерінің мәдениеті мен ұлттық тағамдарына арналған «ТҮРКСОЙ» көрмесі ұйымдастырылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Франкфурт кітап жәрмеңкесіне арналған екіндік семинар өтті. Іс-шараның тақырыбы – «Баспа ісіндегі заманауи үрдістер және авторлық құқық менеджменті».

Франкфурт кітап жәрмеңкесі ҚазҰУ-да



Франкфурт кітап жәрмеңкесінің президенті және бас директоры Юрген Боос қатысты.

Германиялық делегация құрамы – Mertin Witt әдеби агенттігінің негізін қалаушы Николь

Витт, Франкфурт кітап жәрмеңкесінің халықаралық жобалар менеджері Беттина Бек,

Франкфурт кітап жәрмеңкесінің негізгі клиенттерін басқару және сату жөніндегі менеджері Владка Купска кітап жәрмеңкесі, цифрлық басылымдар бойынша консультант, сарапшы Герман Эккель, мәдениет қорының директоры Номад Баян өз тәжірибелерімен бөлісті.

Семинардың негізгі мақсаты – қатысушылар арасында білім мен тәжірибе алмасу, кітап шығару саласындағы заманауи үрдістерді және авторлық құқықты басқарудың тиімді тәсілдерін талқылау.

Жалғасы 3-бетте

3-бет

H-index ұлттық рейтингінде көрсеткіш жақсарды



4-5 беттер

БАҚ өкілдері ҚазҰУ жетістіктерімен танысты



6-бет

Заң тілі түсінікті болуы шарт



Түркі әлемі жастары бас қосты



Соңы. Басы 1-бетте

Халықаралық іс-шараны Сұлтан Раев құттықтау сөзбен ашып, түркі әлеміндегі жастардың игілігі үшін ТҮРКСОЙ ұйымы жүргізіп жатқан жұмыстарға тоқталды.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев түркі жастары форумының ҚазҰУ-да өтуі үлкен мәртебе екенін айтып, жиынның маңыздылығын атап өтті. Ректор өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға ерекше назар аударатынын және үлкен үміт артып отырғанын алға тартты.

«ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде: «Тұтас түркі жұртын тарихи тамырластық пен ортақ мүдде біріктіреді. Дарынды жастардың әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау қажет. Ғылым-білім саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейткен жөн», – деген болатын. Біз ортақ мақсатқа жету жолында біріккен үлкен жетістіктерге жетеміз. Бүгінде түркі елдері арасындағы қарым-қатынасты дамытуда және жандандыруда жастарға артылар жауапкершілік жоғары. XXI ғасыр – заманауи технология мен ғылыми прогрестің кезеңі. Креативті идеялар мен жаңа бастамалардың қозғаушы күші де – жастар. Түркі әлемінің интеллектуал жастарының бас қосуы бүгінгі форумның маңыздылығын көрсетеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Форум аясында журналистика факультетінде «ТҮРКСОЙ» медиа білім беру және зерттеу орталығы ашылды. Мұнда БАҚ саласындағы өзекті мәселелер зерттеліп, сараптамалар жасалады. Түркі әлемінің медиа өкілдерін жұмылдыратын орталықта ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел, конференция, баспасөз мәслихаты, ғылыми-әдістемелік мәжілістер ұйымдастырылады.

Үш күнге жоспарланған шара барысында түркі дүниесі жастарына арналған дөңгелек үстелдер мен пікірталас алаңдары өткізіліп, Алматының көрікті жерлеріне саяхат ұйымдастырылуда.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Қазақстан – түркі дүниесінің кіндігі



Сұлтан РАЕВ, ТҮРКСОЙ бас хатшысы:

ЖАСТАР – БОЛАШАҒЫМЫЗ

леді. Түркі дүниесінің өзіндік мол тарихы мен мәдениеті бар. Қазіргі жастар осы мәдениет пен тарихты, өркениетті, ата-баба жолы – салт-дәстүрімізді білуі қажет. Сіздер түркі дүниесінің бір бөлшегі, болашағысыздар. Сондықтан оқу мен ғылымға, инновациялық технологияға бейіл болыңыздар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға осынау келелі жиынды өткізуге мұрындық болғаны үшін

үлкен алғысымды білдіремін.

Ал ТҮРКСОЙ – түркі әлемінің локомотиві. Дүниенің төрт бұрышындағы түркітілдес елдердің мақсат-мұраты бір. Біз әрқашан бірлікте, достық қарым-қатынаста өмір сүруге тиіспіз. Сонымен бірге барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, түркі дүниесін дамытуды ойластыруымыз керек. Осы жұмыстарды бірлесіп жүзеге асыруда бүгінгі форумның маңызы жоғары.

Саясат НҮРБЕК,
ҚР ғылым және жоғары білім министрі:

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫН АРТТЫРАДЫ



І халықаралық түркі дүниесі жастары форумының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Форум жастар арасында білім, ғылым, инновация және мәдениет алмасу саласындағы мәселелерді талқылау үшін ерекше мүмкіндік береді. Түркі әлемінің жастары – біздің ортақ байлығымыз. Қазіргі таңда әлемде түрлі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер орын алуда. Сондықтан жаңа заманауи білім мен ғылымның талаптарына сай саналы, ой-өрісі кең, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу өте маңызды. Министрлік тарапынан түркі елдеріндегі ЖОО арасындағы әріптестікті нығайту, тәжірибе алмасу және жастардың бір-бірімен байланысын арттыру үшін барлық жағдай жасалып отыр.

Ерболат ДОСАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТАДЫ

Түркі дүниесі жастарының басын қосып отырған алғашқы форумның Алматыда, іргелі оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтіп жатқанына аса қуаныштымыз. Өйткені Алматы – жастар қаласы. Қазақстанның ең үлкен мегаполисі – Алматы шаһарында 700 мың жас өмір сүреді. Еліміздің көптеген ЖОО-лары біздің қаламызда орналасқан. Қазақстан жастары білім мен ғылымға ұмтылған ізденімпаз ұлдар. Олар еліміздің дамуына сүбелі үлес қосып жатқанын мақтанышпен айтамыз. Түркі әлемі жастары-



ның форумы түркітілдес елдердің алдында тұрған келелі мәселелерді шешуге, достық пен ынтымақтастықты жетілдіруге зор ықпал етеді деген сенімдемін. Форум жұмысына сәттілік және табыс тілеймін.

Бусра МЕРКАН, Алманиядан келген қонақ:

ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ БОЛУҒА ТИІСПІЗ



Құрметті достар, мен бұл форумға Алмания жерінен келіп отырмын. Сіздермен қауышқаным өте қуаныштымын.

Алдымен өздеріңізге кәрі құрлықтан алып келген сазды сәлемімді жолдаймын. Өзім Алманияда инженер болып қызмет істеймін. Түркітілдес елдердің жастары білімі, тәрбиесімен өзгелерге үлгі болуға тиіс. Шынында да, біз алған біліміміз, тәрбиеміз, жүріс-тұрысымызбен айналамызға үлгі болуға, өнеге көрсетуге тырысасак, абыройымыз артады. Форум жұмысына сәттілік тілеймін.

Дайындаған Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Мехмет СУРЕЙЯ ЕР,
ТүркПА бас хатшысы:

ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРДЫ МАҚТАН ЕТЕМІЗ



Дүниежүзіндегі түркітілдес халықтардың түп-тамыры теңреңде. Тарихы мен шежіресі өте бай. Түркі әлемінен шыққан ұлы ойшылдар мен данышпандарды, ақын-шайырларымызды біз әрдайым мақтан етеміз. Біздің халықтар бірінші, екінші қайта өрлеу дәуірінен өтті. Енді үшінші қайта өрлеу дәуіріне қадам басып келеміз. Осы қадамымыз құтты әрі ұзағынан болсын. Түркітілдес елдердің жастары білімді, озық ойлы екенін танытуға тиіс, өздері достық пейілмен тату-тәтті өмір сүрсін деп тілеймін.

Ержан МҰҚАШ,
«Отандастар қоры»
халықаралық ынтымақтастық департаментінің басқарушы директоры:

ҒАЛЫМДАР ФОРУМЫН ӨТКІЗЕМІЗ



«Отандастар қоры» 2017 жылы құрылды. Негізгі мақсаты – шетелдегі қазақтармен мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты нығайту негізінде олардың ұлттық бірегейлігін сақтау және елімізге оралған қандастарымызға ақпараттық қолдау көрсету. Шетелдердегі этникалық қазақтар және отандастармен байланыс орнату, ұлттық болмысын, ана тілін сақтауына бағытталған жобаларды іске асыру. Сондай-ақ Қазақстанға оралған этникалық қазақтардың жаңа ортаға бейімделуіне ақпараттық қолдау көрсету, көші-қон және диаспора мәселесімен айналысатын ішкі-сыртқы ұйымдармен серіктестік байланыс орнату, тәжірибе алмасу. Осындай игі істер елден тыс аймақта өмір сүріп жатқан қандастарға үлкен қолдау. Бүгінгі түркі дүниесі жастары форумының қара шаңырақ ҚазҰУ-да, көшбасшы білім ордасында өтуі жастарға үлкен жауапкершілік пен сенім жүктейді. Жастар сол үдеден шығатынына сенімдімін. Біздің қор шетелдегі қазақтарға арнап бірнеше жобаны іске асырды. Алдағы уақытта ғалымдар форумын өткізуді көздеп отырмыз.

Біртуар тұлға – Тұрар Рысқұлов



Соңы. Басы 1-бетте

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын жиналғандарға оқып берді.

«Тұрар Рысқұлов – төл шежіремізге, ұлтымыздың болашағына қатысты көптеген мақалалар мен ғылыми еңбектер жазды. Күрделі кезеңде ел игілігі үшін аябай қызмет етіп, талай игі бастамаға ұйытқы болды. Қазақтың біртуар перзенті еліміздің егемендігі, түркі жұртының азаттығы жолында табанды күрес жүргізді. Тұрар Рысқұлов есімі «Тұтас

сы шықты. Қазақ зиялылары армандаған «Түркі дүниесі» идеясы бүгінде жүзеге асты. Егемендік алғаннан кейін бауырлас елдер қосылып, Түркі мемлекеттері ұйымын құрды. Мұндай ұйым бұрын-соңды болмаған. Бұдан бөлек, ТҮРКСОЙ, ТүркПА ұйымдары бар. Ғылыми тұрғыда 2010 жылы Халықаралық түркі академиясы Астана қаласында ашылды. Осы идеяның барлығын кезінде Тұрар Рысқұлов пен өзге де ұлт зиялылары армандаған болатын», – деді ректор.

Өз кезегінде профессор Мәмбет Қойгелдиев Тұрар Рысқұловтың көзқарасы мен ұстанымы туралы баяндама жасап, қайраткер тұлғаның қазақ халқы үшін жасаған еңбегі еш уақытта өзектілігін жоғалтпайтынын атап өтті.

Іс-шарада Оразалы Сәбден, Ханкелді Әбжанов, Бейбіт Қойшыбаев, Мұхтар Қазбек және т.б. ғалымдар баяндама жасады.

Конференция барысында келушілер назарына Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві даярлаған Тұрар Рысқұловқа қатысты архив құжаттарының көрмесі таныстырылды. Мұнда Тұрар Рысқұловтың Пішпек ауылшаруашылық училищесінде және достарымен түскен фотосуреттері, сирек кездесетін құжаттар, қайраткер тұлғаның жазған өтініштері мен хаттары, 1921 жылы даярлаған «Ұлт мәселесі жөніндегі» атақты тезистері қойылған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Франкфурт кітап жәрмеңкесі ҚазҰУ-да



Соңы. Басы 1-бетте

Семинар ашылуында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев: «Бес жүз жылдық тарихы бар, әйгілі Франкфурт кітап жәрмеңкесінің Орталық Азиядағы алғашқы семинарының Алматы қаласында, оның ішінде біздің ұлттық университетте өтуі жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Әлемде болып жатқан, баспа ісі саласындағы жақсы тенденция мен соңғы жаңалықтарды Франкфурт кітап жәрмеңкесінің сарапшыларымен бірге талқылау, олармен пікір алмасу осы салада жүрген мамандарымыздың біліктілігін арттырып, кәсібилігін шыңдай түсері анық», – деп атап өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Франкфурт Еуропаның кітап астанасы ретінде әлемдік кітап сататын орынға, кітап тарату орталығына айналып, баспаханалар мен баспалардың халықаралық ынтымағын кеңейте түсетінін айтты.

«Германияның федералды сыртқы істер министрлігінің және Франкфурт кітап жәрмеңкесінің демеушілігімен Орталық Азияда алғаш рет баспа ісінің өзекті мәселелеріне арналған екікүндік семинар басталды. Осы бастаманы қолдаған Франкфурт кітап жәрмеңкесінің президенті және LITPROM президенті Юрген Боос мырзаға арнайы алғыс айтқым келеді. Өйткені Франкфурт кітап жәрмеңкесінің Алматыға келуі еліміздегі баспагерлер, авторлар және кітап сатушылар үшін ең



үлкен, аса маңызды оқиға. Бұл семинардың еліміздегі осы сала мамандарына зор әсері болатыны анық», – деді М.Отарбаев.

Франкфурт кітап жәрмеңкесінің бас атқарушы директоры Юрген Боос сөз сөйлеп, кітап индустриясын дамыту және әдеби диалогты ынталандыру үшін осындай іс-шаралардың маңыздылығын айтып, сондай-ақ Франкфурт кітап жәрмеңкесі мен ҚазҰУ арасындағы одан әрі ынтымақтастыққа үміт білдірді.

Шарада сондай-ақ мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды.

Семинарда іс-шараға қатысушылар пікір алмасып, баспа бизнесіндегі жаңа трендтер туралы ақпармен бөлісті.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстанның 2024 жылғы Н-индексі ұлттық рейтингінде көрсеткішін жақсартты. Еліміздің жетекші жоғары оқу орны былтырғы нәтижемен салыстырғанда 3-орыннан 2-орынға көтерілді.

Сонымен қатар Scopus және Google Scholar дерекқорларында Н-индексі бойынша бағаланған 1000 үздік отандық зерттеушінің рейтингіне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 157 ғалымы кірді.

Білім ордасының Kazakh National H-Index Ranking рейтингіндегі нәтижесі ҚазҰУ-дың Қазақстандағы жетекші ғылы-

H-index ұлттық рейтингінде көрсеткіш жақсарды

ми-білім беру орталықтарының бірі ретіндегі мәртебесін растайды. Оқу ордасы өзінің ғылыми зерттеулерін, әлемдегі көшбасшы институттармен ынтымақтастығын және білімнің түрлі салаларында инновацияларды енгізу жұмыстарын табысты жалғастырып келеді. Аталған жетістікке ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы мен ғалымдарының жоғары кәсібилігінің, сондай-ақ университеттің ғылым мен білім беруді халықаралық деңгейде дамытуға



бағытталған стратегиясының арқасында қол жеткізілді.

Kazakh National H-Index Ranking (NHR) – Қазақстандағы зерттеушілердің, ғылыми топтардың және мекемелердің ғылыми өнімділігін бағалайтын тәуелсіз рейтинг жүйесі. Ол ғалымның жарияланым белсенділігі мен әсерін бағалау үшін библиометриялық көрсеткіш болып табылатын Хирш индексі пайдаланады. Рейтинг Scopus, Web of Science және Google Scholar сияқты ғылымиметриялық деректер базалары мен платформаларынан алынған ақпаратқа сілтеме жасай отырып, Қазақстанның ғылыми мекемелері Хирш индексінің жалпы индексіне ескереді. Осы мәліметтер негізінде National H-index Ranking көрсеткіші және рейтингтегі тиісті позициясы қалыптасады.

БАҚ өкілдері ҚазҰУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 90 жылдық мерейтойына орай, баспасөз туры өткізіп, БАҚ өкілдеріне оқу ордасының жетістіктерін таныстырды. Баспасөз турына 40-тан астам журналист қатысты.

метрді құрайтын хабта креативті индустрия, жасанды интеллект, стартап жобалар жүзеге асырылады. Ғимарат заманауи үлгіде жасақталып, ерекше дизайнмен безендірілген. Мұнда әлемге белгілі ZTE, BASF, Binlin технологиялық корпорациясы мен басқа шетелдік компаниялардың орталықтары, университет базасындағы ғылыми-зерттеу институттары орналасқан.

Журналистер назарына Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы, Ми институты, «Робототехника және мехатроника RoboMech» ғылыми-білім беру орталығы, Био-

БАҚ өкілдері алдымен жаңадан бой көтерген «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығымен танысты. Жалпы ауданы 5 мың шаршы



логия және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты, Сот сараптамалары орталығы, Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасы мен Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығының ғылыми жетістіктері мен инновациялық жобалары ұсынылды. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың ZTE, BASF, Binlin корпорациясымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан жұмыс нәтижелері көрсетілді.

Қазіргі таңда ҚазҰУ ғалымдары құны 32 млрд теңгені құрайтын 400-ге жуық жобаны жүзеге асыруда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2025 жылы Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесіп ғарышқа микроспутник ұшыруды жоспарлап отыр. Бұл ортақ жұмыс өз кезегінде ғарышты зерттеуге, аталған салада білікті мамандарды даярлауға, ортақ нано- және микроспутниктерді әзірлеуге жолашады. Яғни Жерді зерттеу жұмыстарын қашықтан жүргізуге мол мүмкіндік береді.

Бұған қоса, оқу ордасының ғалымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен 4 млрд теңгенің мегагрантын жеңіп алған болатын. Батыс Қазақстан өңіріндегі стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған жоба үш жыл ішінде жүзеге асырылады. Осы уақыт аралығында мамандар аймақтың тұрақты экологиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуы, су ресурстарын, жануарлар мен

өсімдіктер әлемін сақтау және басқару мәселелерін шешу жолдарын да қарастырады. Жоба аясында ҚазҰУ ғалымдары ағымдағы жылы батыс өңіріне барып, су тасқыны жағдайына байланысты арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын.

Сондай-ақ биыл университет зерттеушілері 3 млрд теңгенің мегагрантына қол жеткізді. Яғни ҚазҰУ мамандары қазақ тілі мен технологиялық прогресті қолдауға арналған LLM тілдік моделін әзірлейді. Мақсат – қоғамның түрлі салаларына қазақ тіліндегі үлкен тілдік модельдерді әзірлеу және енгізу, бұл технологиялық прогреске ықпал етеді және мемлекеттік тілдегі онлайн қызметтерге қолжетімділікті кеңейтеді. Жоба аясында ғалымдар ҚазҰУ базасында өнімділігі жоғары ғылыми-зерттеу дата-орталығын ашуды жоспарлап отыр. Жаңа нысан бүкіл елдің зерттеушілеріне озық жасанды интеллект технологияларын әзірлеу және енгізу үшін қажетті ресурстарды ұсынбақ.

Ғылыми орталықтан кейін журналистер қалашықтағы №9 жатақханаға барып, студенттер үйінде жастардың игілігі үшін жасалған жұмыстарды көрді. Қонақтарға жатақхананың күрделі жөндеуге дейінгі және кейінгі жай-күйі көрсетілді. Жөндеу кезінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары

қайта әрленді. Есік-терезе ауыстырылып, электр жүйесі жүргізілді. Бұған қосымша, ғимараттың су құбыры мен кәріз жүйесі қайта ауыстырылды.

Қазіргі таңда ҚазҰУ қалашығында 15 жатақхана бар. Ағымдағы оқу жылында үш жатақханаға күрделі, 12 студенттер үйіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 4000 матрас, 4000 жамылғы, 4000 жастық, 4000 жайма комплектісі жаңадан алынды. 250 унитаз, 150 раковина, 735 шкаф, 1065 тумба, 450 үстел, 1050 кітап сөресі, 1065 орындық ауыстырылды. Жатақханалардағы асханаларға 120 тоңазытқыш пен 120 электр плитасы пайдалануға берілді. Бүгінде ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңі аясында үш жаңа жатақхананың құрылысы басталды. Тоғызқабатты үш студенттер үйінің әрқайсысы 677 орынға – барлығы 2031 орынға арналған.

Баспасөз туры 10 инновациялық зертханадан тұратын география және табиғатты пайдалану факультетіндегі «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығын таныстырумен жалғасты. Тұрақты даму мақсаттары бағыттарын жүзеге асыратын ғылыми орталықта ғалымдар су ресурстарының сапасын талдау, топырақ құрамын зерттеу, климат өзгерісін бақылау, экологиялық қауіптің алдын алу, отандық туризмді дамыту бағытында жұмыстар



ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ



жүргізеді. Мәселен, орталық мамандары су тасқынының алдын алу, салдарын анықтау және жер сілкінісіне мониторинг жасау бойынша жұмыстар атқаруда.

БАҚ өкілдері Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі салдарынан орын алған су тапшылығы, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы сияқты экологиялық мәселелерге мониторинг жасайтын «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай зертханасына да барды.

Журналистерге Жерді қашықтан бақылау арқылы қауіп-қатерді алдын ала ескертіп, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелері туралы ақпарат берілді.

Қазақстан мен Қытай бірлесіп ашқан зертхана Орталық Азия бойынша жұмыс істейтін, табиғат ресурстарына мониторинг жүргізетін жалғыз орталық. Сондықтан аталған ғылыми зертхана болашақта ғылыми зерттеулердің орны ғана емес, Орталық Азиядағы қоршаған ортаны тұрақты дамытудың басты хабына айналмақ.

Сонымен қатар БАҚ өкілдері суперкомпьютер орталығының қызметімен де танысты.

2019 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің кездесуі нәтижесінде Қазақстанға суперкомпьютер әкелу туралы келісімге қол қо-

йылған болатын. 2024 жылы Қытай Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға ресми сапары барысында екі мемлекет басшысы Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютерді ҚазҰУ-ға орнатуға келісім жасады.

Бұл Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты арттыру, сондай-ақ мемлекет басшыларының ғылым мен жоғары білім беруді дамыту бағытындағы ауқымды бастамасы болды.

Жоғары технологиялық құрылғы бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі жағдайларын модельдеуге және отандық IT саласын дамытуға септігін тигізеді.

Орталық Азияда ең қуатты саналатын құрылғының жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS құрайды. Сондай-ақ әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің тізіміне кіреді. Қазіргі таңда құрылғыны орнату жұмыстары жүргізілуде.

Суперкомпьютер жасанды интеллект технологияларын, университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша ғылымды қажетсінетін есептеулерді жасау, IoT-объектілерді басқару және ұйымдастыру, Smart-технологиялар объектілерін басқару жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

Баспасөз турының келесі

нүктесі химия және химиялық технология факультетінде жаңадан ашылған «Farabi Chem Science» кластері болды. Бұл кластер химия мен материалтану саласындағы озық зерттеулерді дамытуға бағытталған.

Журналистер кластер құрамына кіретін тоғыз зертханамен танысты. Мұнда ғалымдар химия өнеркәсібіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған түрлі жобалармен айналысуда. Мысалы, қазіргі таңда «Chemical Coating Innovations» ғылыми-өндірістік орталығының ғалымдары машина жасау және техникалық құрал жасау қажеттіліктері үшін, сондай-ақ кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдарын өңдеп, арнайы гальваникалық қаптамалар шығарумен айналысады. ҚазҰУ-да дайындалатын гальваникалық қаптамалар өнімнің қызмет ету мерзімін ұзартады. Яғни бұл өндірушіге де, тұтынушыға да пайдалы. Бұл – тат басудан қорғаудың жаңа әрі тиімді әдісі.

Сондай-ақ «ChemMedLab» зертханасының мамандары ота кезінде пайдаланылатын хирургиялық жіпті жетілдіріп, бетіне антибактериалды жабын жасап шығарды. Операция кезінде хирургтер жіптерді спиртке немесе хлорексидин ерітіндісіне салып, жараны тигеді. Бірақ бұл жіптер ұзақ уақыт шыдамай, адам өміріне зиян келтіреді. Ал ҚазҰУ ға-



лымдары әзірлеген жіптердің арнайы жабындары болады. Олар керек кезінде бактериямен күресіп отырады. Сондай-ақ антибактериалды агент бір ай бойы бактерияға қарсы күреседі. Бұл ғылыми жоба Қазақстанда тұңғыш рет жүзеге асып отыр. Болашақта ғалымдар аталған жобаны нарыққа шығаруды көздеп отыр.

Баспасөз турынан кейін Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығының қатысуымен баспасөз конференциясы ұйымдастырылды. Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов БАҚ өкілдеріне универ-

ситетте атқарылған ауқымды жұмыстар жөнінде ақпарат беріп, алдағы жоспар туралы баяндады. Проректор өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен 50 жылдық тарихы бар ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі басталатынын айтты.

Баспасөз конференциясында журналистер ҚазҰУ құрылысының II кезеңін іске асыру, жатақханаға қатысты мәселелер және оқу ордасы қызметінің басқа да өзекті тақырыптарына қатысты сұрақтар қойды.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Заң тілі түсінікті болуы шарт

Азаматтардың заң ережелерін дұрыс түсінуі – конституциялық-құқықтық реформалардың нәтижелілігінің алғышарты. Мемлекеттің заңнамасы нақты құқықтық реттеу субъектілеріне, жалпы, қарапайым халыққа түсінікті, қолжетімді болуы керек. Заңнама нормасын халықтың дұрыс түсініп, оны дұрыс қолдануы үшін заңның мазмұны, яғни заң шығару тілі қарапайым, әдеби тілге неғұрлым жақын болуға тиіс.

қоғам мүшелерінің оны нақты, дұрыс ұғынуына мүмкіндік беретіндей анық, қарапайым болуы. Демек, заңның мазмұны қарапайым, халық түсінетіндей жеңіл тілмен мәтінделуі керек. Бұған ең алдымен заң шығару процесіне қатысатын субъектілердің заңның мазмұнын қалыптастыруда қолданатын сөздің қарапайымдылығы, жеңілдігі арқылы ғана қол жеткізуге болады. Олай болса, қабылданатын заңның мәтінде құқықтық қатынас субъектілеріне түсінікті, күнделікті өмірде жиі қолданылатын қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін, терминдерді қолдану керек. Тиісінше, заң актісінің жобасын қалыптастыруда, оны қабылдауда арнайы білімі жоқ тұрғын халық үшін белгісіз болып табылатын заңи, салалық терминдерді, сөз тіркестерін пайдалануға мүмкіндігінше аз жүгіну қажет. Қарапайым халыққа түсініксіз ондай терминологияны асыра пайдаланбаған жөн. Ал күнделікті қолданылатын тілде мағынасын нақты және біржақты түсінуге мүмкіндік беретін толықанды терминдер болған жағдайда заңнамада кәсіби ұғымдарды тіптен қолданбаған абзал.

Заң тілінің анықтығы мәтінде көрініс тапқан сөз, термин, сөз тіркестерінің нақтылығы, заң шығарушы ойының толық аяқталған болуы.

Заң тіліне қойылатын екінші талап – заң тілінің нақтылығы. Заң нормаларының түсініктілігі мен нақты болуы, заңның мәтіндік мазмұнының заң шығару процесіне қатысушы субъектілердің заңи реттеу мақсатына, идеяларына нақты сәйкес келуі



заңның тілін, оның сапасын жетілдірудің негізгі бір міндеті деуге болады. Заң мәтінде қолданылған әрбір термин, сөз тіркесі, сөйлем әртүрлі мағынада ұғынуға, түрліше түсінуге жол бермейтіндей абсолютті түрде нақты анықталып, нақты мазмұндалған болуы тиіс. Тиісінше, бұл талап заң тілінің нақтылығы құқықтық ережелердің мәнін дұрыс, бір ғана мағынада әрі толық түсінуді мүмкін ететін біржақты тілдік көріністі білдіреді. Заң нормаларының бір ғана мағынада түсінетіндей болуы туралы жалпылама түрде «Құқықтық актілер туралы» заңының 24-бабында баяндалған. «Құқықтық актілер туралы» заңында заңдар мен жалпы құқықтық актілер ережелерінің барынша қысқа, нақты мағынаны қамтитындай болуы әрі түрліше түсіндіруге жатпайтын бір мағынаны қамтуға тиіс екені бекітілген.

Бір мағыналық талабы заңның мәтінде сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс қолдану арқылы және олардың арасында қисындық байланыстың болуы негізінде ғана сақталады деуге болады. Олай болмаған ретте

заң нормалары мазмұнының анық әрі нақты еместігі, тиісінше оның түсініксіздігі орын алады.

Заң тіліне қойылатын үшінші талап – оның қысқа болуы. Заң мәтінін құруда оны өте ұзын, құрмалас сөйлемдермен мазмұндамаған дұрыс. Олай деу себебіміз – күрделі мәтіндік сөйлемдердің салдарынан заң өзінің мәнін, түпкілікті мағынасын жоғалтуы әбден мүмкін. Демек, заңдардың жобасын әзірлеуде пайдаланылатын терминдер, тиісінше сөйлемдер мүмкіндігінше қысқа да нұсқа болғаны дұрыс. Терминдер ретінде екі және одан да көп сөзден тұратын ұзын сөз тіркестеріне жүгінбеуге тырысу керек.

Заң тіліне қойылатын төртінші талап – оның терминологиялық бірыңғай болуы. Терминологиялық бірыңғайлық талабы заң актісінің мазмұнын құруда біртұтас терминология мен біртұтас заңи тұжырымдарды, бір ыңғайландырылған тілді пайдалануды, қолдануды анықтайды. Тиісінше, мағыналық жағынан бір терминге бір түсінік, яғни бір анықтама сай болуы тиіс. Сол секілді бір

түсінік, бір анықтама бір ғана терминмен белгіленуі керек.

Жоғарыда аталғандарға қоса, заң тілінің анықтығы мен түсінікті болуы үшін заң жобаларын жасауда, қабылдауда жаргондар, көне, ескірген сөздер де қолданбаған жөн. «Құқықтық актілер туралы» заңының 24-бабының 3-тармағында осы аталғандарға қатысты құқықтық актілердің мәтінде ескірген және көпмағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға әрі сөздерді қысқартуға жол берілмейтіні нақты бекітілген. Әрі заң мәтінде сөздерді қысқартып пайдалануға болмайды. Өйткені ондай сөздер қоғамның құқықтық санасына теріс әсер ететін болады, құқықтық реттеу сапасын, заңнаманың реттеушілік мүмкіндігін әлсіретеді.

Олай болса, мемлекетімізде жүргізіліп жатқан конституциялық-құқықтық реформалардың нәтижелілігі, тиімділігі үшін заң ережелерін қоғам мүшелері дұрыс ұғынатындай мазмұндау керек. Тиісінше, заң тілін жетілдіру, дамыту қажет. Мақсат – құқықтық реттеудің толықтығы мен нақтылығын және анықтылығын үйлестіруді қамтамасыз ету.

Қарлығаш ҮСЕИНОВА,
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының меңгерушісі, доцент, з.ғ.к.

Әйгерім ЖАРБОЛОВА,
аға оқытушы, з.ғ.к.

Докторанттар үшін ғылыми тағылымдама кәсіби дамуы мен білімін тереңдетудің маңызды кезеңі болып саналады. Біз де өз кезегімізде білім алып жатқан «Геоинформатика» мамандығы бойынша Ыстамбұл қаласындағы Йылдыз техникалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өттік.

Түркияда ғылыми тағылымдамадан өттік

докторанттарға өз білімін жетілдіруге қолайлы орта ұсынады.

Бұл тағылымдама бізге ғылыми зерттеу жұмыстарымыздың сапасын арттыруға және халықаралық тәжірибе жинақтауға үлкен мүмкіндік берді.

Тағылымдамадан өтудегі негізгі мақсатымыз ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістерін жетілдіру болатын. Осыған орай, бізге Геоматика/картографиялық инженерия кафедрасының профессоры Наджи Йастыклы және азаматтық құрылыс, инженерлік геоматика, фотограмметрия факультетінің деканы, профессор Жунейт Айдын өзіміздің ғылыми жобаларымыз бойынша Йылдыз университетінің заманауи зертханаларында тәжірибе жасауға көмектесті. Олар деректерді өңдеу, ГИС технологияларын қолдану, картографиялау және геодинамикалық талдау бойынша жаңа әдістерді меңгеруімізге мүмкіндік жасады. Тағылымдама барысында университеттің профессорларымен және басқа да зерттеушілермен байланыс орнатып, өзара тәжірибе алмастық. Геоинформатика саласындағы заманауи бағдар-



ламалық қамтамасыз етуді қолдануды үйреніп, өз зерттеулерімізге инновациялық әдістерді енгізудің сәті түсті. Сонымен қатар түркиялық әріптестерімізбен бірге докторлық зерттеу жұмыстарымызды талқылап, тәжірибе алмасу арқылы зерттеуімізді жаңа деңгейге көтердік.

Тағылымдамадан өту тәжірибесі ғылыми жобаларды халықаралық деңгейде жүзеге асыруға үлкен серпін берді деп айта аламыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Йылдыз техникалық университеті арасындағы серіктестік білім беру мен ғылыми зерттеулер

саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Мұндай тәжірибе алмасу Қазақстанның геоинформатика саласындағы жас ғалымдарының кәсіби біліктілігін арттыруға және халықаралық деңгейде мойындалған зерттеулерді жүзеге асыруға септігін тигізеді. Геоинформатика – қазіргі заманғы ғылым мен технологиялар саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Ол тек табиғи ресурстарды тиімді басқаруға ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәселелерді шешуге, қалалық инфрақұрылымды дамытуға және ғылыми зерттеулерді жетілдіруге көмек береді. Қазақстанда

геоинформатика саласының дамуы елдің тұрақты дамуы мен экономикалық өсуіне де ықпал етеді.

Докторанттар үшін мұндай тағылымдамалар ғылыми зерттеу дағдыларын жетілдіруге, халықаралық ғылыми қауымдастыққа интеграциялануға және кәсіби желіні кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәжірибе оларға әлемдік деңгейдегі зерттеулер жүргізуге және Қазақстандағы ғылыми әлеуетті арттыруға септігін тигізеді. Геоинформатика саласын одан әрі дамыту үшін білім беру мен ғылыми зерттеулерді қолдау, заманауи технологияларды енгізу және халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет.

Маңызды әрі құнды тағылымдамадан өтуге ықпал жасап, көмек көрсеткен жетекшілерімізге, университет басшылығына және Йылдыз университетінің профессорларына бізге әрдайым қолдау білдіріп, кеңес беріп отырғаны үшін алғыс білдіреміз.

Нұржан ЕРЖАНҰЛЫ,
Назым СҰЛТАНҒАЛИҚЫЗЫ,
«Геоинформатика» мамандығының докторанттары

Геоинформатика – бұл географиялық ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және визуализациялау үшін қолданылатын ғылым саласы. Қазіргі заманда геоинформатика тек география мен картографияда ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау, ауыл шаруашылығы, урбанистика, инженерия және қауіпсіздік сияқты көптеген салаларда кеңінен қолданылады. Бұл ғылым саласы жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдердің дамуы арқасында маңызды рөлге ие болып келеді.

Осыған орай, заманауи зерттеу орталықтары, озық ғылыми базасы, жоғары білікті оқытушы-профессорлық құрамы бар Түркиядағы жетекші оқу орындарының бірі болып саналатын Йылдыз техникалық университеті геоинформатика бағытында білім алып жатқан

Путь служения длиною в жизнь

Ученый и педагог, известный юрист, прокурор, доктор юридических наук, профессор, заслуженный деятель науки РК – личность Калауша Адильхановича Бегалиева не уместается в шаблонные формулировки. Он больше, глубже, шире всех этих определений. О его личных качествах и заслугах красноречивее всего говорят дела и поступки.

Будущий юрист родился в 1927 году в селе Уюк Туркестанского района ЮКО. Окончив среднюю школу, поступил в АГ юридический институт. Успешно завершив обучение, перспективный молодой специалист по распределению попал в прокуратуру Кургальджинского района Акмолинской области. Достаточно быстро поднялся по служебной лестнице с должности простого следователя до прокурора Акмолинской области.

Калауша Адильханович проявил незаурядные организаторские, управленческие навыки и работоспособность в это время, совпавшее с периодом освоения целины. Тогда в область направили несколько сот тысяч целинников, среди которых было немало лиц с криминальным прошлым. Правоохранительные органы, прокуратура работали в усиленном режиме, отдавая работе всю энергию, знания и умения. Несмотря на сложные условия,

недостаток техники, прокуратура обеспечивала прокурорский надзор и тщательное расследование уголовных дел, вела борьбу с расхитителями государственной собственности. Целина стала настоящей школой для него, закалив характер и отточив профессиональные навыки.

Калауша Бегалиев в должности заместителя прокурора республики по кадрам два десятилетия своей жизни. В этой деятельности ему пригодились человеческие качества – глубокая порядочность, справедливость и мудрость. В своей работе он придерживался демократических принципов. «Где бы ни выступал, в его докладах прослеживалась принципиальная, непредрвзятая позиция по защите институтов прокурорского надзора, в том числе и по вопросам следствия. Калауша Адильханович имел непреложный авторитет среди ученых-юристов и студенческой молодежи», – вспоминает коллега, почетный работник органов прокуратуры РК К.Шыназаров.

Калауша Бегалиев успешно совмещал работу в должности заместителя прокурора РК с научно-исследовательской деятельностью. Он защитил во Всесоюзном институте по изучению причин и разработке мер предупреждения преступности кандидатскую диссер-



тацию на тему «Прокурорский надзор за расследованием дел о преступлениях несовершеннолетних». В качестве методического пособия этот труд, наряду с научными работами «Рядом с тобой подросток», «Меры борьбы с преступностью несовершеннолетних» использовали работники правоохранительных органов всей страны. Всего по проблемным вопросам несовершеннолетних было опубликовано более 60 научных трудов.

Калауша Бегалиев – талантливый педагог и наставник, который воспитал не одно поколение высококвалифицированных юристов, которым он помогал определиться с направлением работы, поддерживал в профессиональном росте и карьере. Среди них – известные люди, бывшие и настоящие руководители прокуратуры республики, включая генерального прокурора

РК Ю.А.Хитрина. После присуждения степени доктора юридических наук в 1980 году посвятил себя научно-педагогической деятельности. Долгие годы он заведовал кафедрой уголовного процесса КазНУ им. Аль-Фараби, передавая будущим юристам теоретические знания и богатый опыт.

Разносторонний и деятельный Калауша Адильханович активно участвовал и в разработках законодательных и нормативных актов, включая Уголовно-процессуальный кодекс РК, Указ Президента РК, имеющий силу закона «О прокуратуре РК». Он выступал на международных конгрессах, симпозиумах и конференциях, которые проходили в Италии, Польше, США, Чехословакии и Болгарии и других странах. В мае 1990 года прочел в Бостоне лекцию на тему «О причинах и мерах предупреждения безнадзорности и правонару-

шений среди несовершеннолетних и молодежи».

Заслуги Калауша Бегалиева отмечены высокими наградами Правительства: орденом «Знак Почета», медалями «За трудовую доблесть», «За освоение целинных и залежных земель», нагрудным знаком «Почетный работник прокуратуры РК», «Отличник образования РК» и почетными грамотами Верховного Совета.

Его молодость, зрелые и преклонные годы были всецело отданы работе, возвращению достойных кадров, наполнены истинным патриотизмом и сознанием ответственности перед своим народом. В памяти своих коллег и учеников он останется выдающимся сыном Отечества, талантливым ученым, опытным педагогом, справедливым и честным прокурором – достойным примером для подражания у молодежи. И лучше не скажешь о человеке, посвятившем жизнь служению обществу и делу правосудия.

15 ноября 2024 года в КазНУ рамках празднования 90-летия университета и под эгидой научно-просветительского проекта «Эпоха и личность», памяти доктора юридических наук, профессора Калауша Бегалиева состоялся международный круглый стол «К.Бегалиев – прокурор, ученый, педагог», в коллаборации юридического и филологического факультетов.

Сауле БЕГАЛИЕВА,
д.п.н., профессор кафедры
русской филологии и
мировой литературы

Обсудили вопросы развития науки и техники

Международная научная конференция Computational and Information Technologies in Science, Engineering and Education (CITech-2024), посвященная 90-летию КазНУ имени Аль-Фараби и 75-летию выдающегося ученого-математика, академика НАН РК Ш.Смагулова.



В КазНУ прошла международная научная конференция Computational and Information Technologies in Science, Engineering and Education (CITech-2024), посвященная 90-летию КазНУ имени Аль-Фараби и 75-летию выдающегося ученого-математика, академика НАН РК Смагулова Шалтая. Мероприятие прошло при поддержке Национальной инженерной академии Республики Казахстан и собрало ведущих ученых, студентов, магистрантов и докторантов. На конференции было представлено более 100 докладов от участников из ближнего и дальнего зарубежья. Основные темы докладов касались современных подходов для решений проблем математики, механики, вычислительной математики, математического моделирования, современных технологий, инновационных решений в инженерии и цифровой трансформации. В рамках мероприятия участники обсудили важные вопросы развития науки и техники, поделились последними достижениями в прикладной математике, инженерии и смежных дисциплинах.

Особым событием конференции стал доклад, посвященный научному наследию академика Смагулова, в котором академик НАН РК, д.ф.м.н., про-

фессор Жумагулов Б.Т. и академик НАН РК, д.ф.м.н., профессор Темирбеков Н.М. подчеркнули значимость его работ для развития прикладной и вычислительной математики, инженерных наук. Выступления затронули ключевые аспекты исследований академика в области вычислительной математики, вычислительной гидродинамики, информационных технологий нефтегазовой отрасли, которые оказали большое влияние на современные научные и технические решения. Эти научные работы жизнеспособны, поскольку основаны на фундаментальной математике и нашли применение на практике с применением информационных и коммуникационных технологий. Сегодня его ученики открыли несколько научных школ по этим научным направлениям и развивают их дальше.

Мероприятие стало важной платформой для обмена знаниями и опытом, подчеркнув вклад академика Смагулова в мировую науку и роль университета как ведущего научно-образовательного центра региона.

Сауле МАУСУМБЕКОВА,
ассоц. профессор, зав. кафедрой
математического и компьютерного
моделирования

В прошлом месяце по приглашению Университета Востоковедения (ORIENTAL UNIVERSITETI OZBEKISTON RESPUBLIKASI) состоялась командировка в Республику Узбекистан.



Научно-культурная командировка в Узбекистан

В рамках визита прошла встреча с руководством Университета Востоковедения, а также посещение факультетов университета, где представители КазНУ им. Аль-Фараби ознакомились с образовательной и научной деятельностью узбекского востоковедческого заведения.

22 октября в конференц-зале Университета Востоковедения была проведена закрытая академическая дискуссия с участием профессорско-преподавательского состава университета. Мы выступили с докладом, посвященного модели развития Китая и Сингапура, современной модели развития Японии и Южной Кореи. В ходе обсуждения участники обменялись мнениями по актуальным вопросам востоковедения, а также предложили возможные направления для дальнейших исследований и совместных проектов. В рамках исследования и обсуждения проекта «Прагматический опыт конфуцианской модели развития стран Востока: Китай, Япония, Сингапур, Южная Корея» был подчеркнут важный вклад этих стран в мировые экономические и политические процессы.

Кроме того, в ходе командировки прошли встречи с ведущими преподавателями востоковедами исторического и филологического факультетов Университета Востоковедения. Обсуждались перспективы дальнейшего сотрудни-

чества в области науки и образования, возможности организации совместных научных конференций, публикаций и обмена студентами и преподавателями. Особенно важным стало предложение о проведении научных стажировок для профессорско-преподавательского состава и студентов факультета Востоковедения КазНУ в Узбекистане, что укрепит связи между университетами и будет способствовать развитию научных исследований в области востоковедения.

Также была организована экскурсионная программа, в рамках которой участники командировки посетили библиотеки в Ташкенте, Самарканде и Бухаре, где ознакомились с уникальными историческими и культурными коллекциями. Эти мероприятия позволили не только расширить научные горизонты, но и укрепить культурные и академические связи между Казахстаном и Узбекистаном. В завершение командировки участники посетили исторические места, памятники и музеи Ташкента, Самарканды и Бухары, что стало важным дополнением к научной части визита и дало возможность лучше понять культурное наследие Центральной Азии.

Нуржамал АЛДАБЕК,
профессор кафедры китаеведения
Жанар АШИНОВА,
доцент кафедры Дальнего Востока

Түркі әлемі жастары бас қосты



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды,
үш компьютерлік беттен асатын материалдар
қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала
көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.